

Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігін (Елшілігін) ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1058

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылуына байланысты қаулы етемін:

1. Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) ашылып, оған Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілдігінің қызмет пен өндірістік алаңдары, мейманхана кешені, көлік құралдары берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) штат кестесі мен шығыстарының сметасын анықтасын;

бір ай мерзімде Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) туралы Ережені бекітсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ КСР-інің РКФСР-дегі Тұрақты өкілдігін құру туралы" 1991 жылғы 28 қазандағы N 487 және "Қазақ КСР Президентінің "Қазақ КСР-інің РКФСР-дегі Тұрақты өкілдігін құру туралы" 1991 жылғы 28 қазандағы N 487 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1992 жылғы 12 маусымдағы N 804 Жарлықтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті